



№41 «Назерке» бөбекжай – балабақшасы

**№1 «Ақбота ересектер тобы»
Ата-аналармен жұмыс жоспары**

Тәрбиешілер: Кожағалиева Ш. Ө
Сәдуова А.Б

«Бекітемін»

№41 «Назерке» бөбекжай-
балабақшасы

менгеруші: Уртамбаева А.Г.

«29» 09. 2024 жыл



Ата-аналармен жұмыс жоспары

Мерзімі	Жұмыс мазмұны	Жауаптылар
Қыркүйек	1.«Кел танысайық!» (жанадан қосылған ата-аналармен танысу) 2.3-4 жастағы балалардың даму ерекшелігі. 3.Ата-аналар коммитетін сайлау 4.«Жақсы тілек» тренинг. 5. «Отбасым-бақыт мекенім!»(отбасы күніне арналған видеоролик, ата-аналардың құттықтауы) 6. «Кітаппен жарқын әлемге» (Біртұтас тәрбие.) 7. «SMART BALA»бала жобасы	Тәрбиеші: Кожәғалиева Ш.Ө Тәрбиеші: Кожәғалиева Ш.Ө Тәрбиеші: Кожәғалиева Ш.Ө Тәрбиеші: Кожәғалиева Ш.Ө
Қазан	1.Ата-аналарға арналған сауалнама «Жанұяның әлеуметтік жағдайын анықтау»(тест) 2.«Қарттарым асыл-қазынам» 3.«Қыран елі- Қазақстан!» (кеңейтілген іс-шара), (25-қазан ҚР-сы күніне арналған ата-аналармен бірлескен сурет көрмесі)	Психолог: Айжанова А.Қ. Тәрбиеші: Кожәғалиева Ш.Ө Кожәғалиева Ш.Ө
Қараша	1.3-4 жастағы бала нені білуі керек? 2. «Еңбегі адал-жас өрен» жобасы «Күзгі асар» жәрмеңкесі 3. «Асық жинау акциясы»	Тәрбиеші: Сәдуова А.Б Тәрбиеші: Кожәғалиева Ш.Ө
Желтоқсан	1.«Қош келдің, Жана жыл!» (ертенгілігі) 2. «Желпешек» (баяндама)	Тәрбиешілер: Сәдуова А.Б Кожәғалиева Ш.Ө Тәрбиеші: Кожәғалиева Ш.Ө

Қаңтар	<p>1.Қолөнер: «Қыс қызықтары» (көрме)</p> <p>2.«Тұмаудың алдын алудың тиімді жолдары қандай?» (Кеңес).</p> <p>3. «Балаларға базарлық» акциясы (ұлттық нақыштағы заттарды жинақтау) Біртұтас тәрбие.</p>	<p>Тәрбиеші: Сәдуова А.Б Тәрбиеші: Кожажалиева Ш.Ө</p>
Ақпан	<p>1.«Ұлттық ойын-халық қазынасы» (спорттық ойындар) Біртұтас тәрбие</p> <p>2.«Мен оқыған бір ертегі» Біртұтас тәрбие</p>	<p>Тәрбиешілер: Сәдуова А.Б Кожажалиева Ш.Ө Тәрбиешілер: Кожажалиева Ш.Ө Сәдуова А.Б</p>
Наурыз	<p>1.«Алғыс айту күні» (видеоролик)</p> <p>2.«Армысың, Наурыз!» (22-наурызға арналған спорттық жарыс) Біртұтас тәрбие</p> <p>3. «Көктемгі әсем гүлдер» (ата-ана мен баланың бірлескен жұмысы)</p>	<p>Тәрбиешілер: Кожажалиева Ш.Ө Сәдуова А.Б Дене шынықтыру нұсқаушысы: Игілікова Г.Б</p> <p>Тәрбиешілер: Кожажалиева Ш.Ө Сәдуова А.Б</p>
Сәуір	<p>1.12-сәуір «Ғарышкерлер күні» (көрме)</p> <p>2. «Табиғат- тал бесігің, аяла, қорғай біл тазалығын...» (сенбілік өткізу) Біртұтас тәрбие</p> <p>3. «Біздің қанатты –достарымыз!» (сурет, қол өнер)</p>	<p>Топ тәрбиешілері. Тәрбиешілер, ата-аналар</p>
Мамыр	<p>1.«1-Мамыр Бірлік күні» (кеңейтілген әс-шара)</p> <p>2.«Гүл- өсірсен терлеп, мұның аты-еңбек!» Біртұтас тәрбие</p>	<p>Тәрбиеші: Сәдуова А.Б Тәрбиеші: Кожажалиева Ш.Ө Сәдуова А.Б.</p>

№1 «Ақбота» ересек тобының ата –аналар жиналысы

Музыка арқылы саусақ қимылмен ата – аналарды топқа кіргізу, қарсы алу.



«Таныстыру!» ойыны

Шарты: Шеңберге тұрып әр ата – ана допты алып өзін таныстырып, балаларының қасиеттерін айтып өтті.

Ата- аналардың психологиялық көңіл күйін көтеру, бір бірімен құрметпен қарауға, ұжымда сыйластық қарым – қатынас орнату.



Медбике ата- аналарға тазалық және екпе алу туралы түсініктеме сөз сөйледі.



Шынар Өтемісқызы:

- Ата – ана ережесімен таныстыру
- Келісім шарт, төлемақы туралы сөз сөйледі.

Айгүл Бауыржанқызы

«3-4 жастағы балалардың даму ерекшелігі» тақырыбында баяндама оқыды.

- Балалардың сабаққа қатысымы, тазалық туралы туралы.
- Балалар жұмысы
- Ата-аналар комитетін сайлау туралы сөз сөйледі.



Қорытынды: Сұрақ – жауап

Ата-аналарға сұрақтармен тапсырмалар берілді. Сұрақтар бойынша әр ата- ана толық жауап беріп ортада талқылады.

№41 «Назерке» бөбекжай-балабақшасы

Тақырыбы:

«3-4жастағы балалардың даму ерекшелігі»

Тәрбиеші: Кожағалиева Ш.Ө

3-4жастағы балалардың даму ерекшеліктері

Бұл жастағы балалар үлкендермен қарым-қатынас жасауға өте ықыласты болады. Әр түрлі сұрақтар қойып, өздері білетін ертегілерді бар ынтасымен айтып береді. Танымдық қызығушылығы белсенді болады. Үлкендермен қарым-қатынас жасау қажеттілігі қанағаттанбаған кезде, олардың аасында эмоционалдық жатырқаушылық пайда болады. Төрт жасқа қарай бала құрдасын ортақ іс-әрекетке қатысушы ретінде қабылдайды.

3-4жасар баланың өзін-өзі бағалауы өте жоары деңгейде болады. Бұл-біреу оның тұлғалық қасиеттерін дұрыс бағаламаған кезде өзін-өзі қорғаудың «тұлғалық» механизімі болып табылады.

3-жас аралығында баланың сенсорлық-үрдісінің сезіну мен қабылдау түрлері қалыптасады. Фонематикалық есту, түсті ажырату, көз қырағылығы, заттардың пішінін ажырату қабілеттері жетіле түседі.

Балалар заттарды ұстап, көріп танудан, көзбен көру арқылы тануға көшеді. Жаңа заттарды қарап, көзбен көріп танудан сипап-сезу, есту искеп көру арқылы қабылауға ауысады.

Сөз-3-4 жастағы балалардың сенсорлық үрдістерін дамытуда жетекші орын алады. Балалардың сөздік қорын заттардың сынын, бір-бірімен қарым-қатынасын білдіретін, мазмұнды қабылауын қалыптастыратын жаңа сөздермен байытады.

3-4 жастан бастап, баланың есі еріксіз сипатта болады. Бала материалды өзі іс-әрекетке тікелей қатысуы арқылы есіне сақтайды. Бұл жастағы баланың ойлау қабілеті сапалық өзгешелігімен ерекшеленеді. Оған қиял мен шындықты ажырату қиынға соғады. Ол-өзімшіл. Айнала қоршаған заттардың бәрін өзімен салыстырады, олар да өзі сияқты ойлауға және сезінуге қабілетті деп ойлайды. 3-4 жастағы балалар ауа-райы құбылыстары мен оның салдары арасындағы қарапайым байланыстарды түсіне бастайды. Әр түрлі материалдарды қолдану барысында балалар олардың қасиеттерімен құрастырудың ерекшеліктерін танып біледі. Бұл кезеңде балалар қарапайым қол еңбегі түрлерінің әдістерін меңгереді. (бүктеу, умаждау, жырту және ұсақ-түйектерді қолдан жасау).

Бала үшін бейнелеу өнері-өзі жасаған бейнелер. Бұл бейнелер баланың өзі сияқты дербестігімен, ашықтығымен ерекшеленеді.

№41 «Назерке» бөбекжай-балабақшасы

«Кітаппен жарық әлемге»

№1 «Ақбота» ересек тобы

Тәрбиеші: Кожағалиева Ш.Ө

2024-2025 оқу жылы

«Кітаппен жарық әлемге»- атты балалар кітапхана жобасы аясында №1 «Ақбота» ересектер тобының ата-аналары балаларына әр түрлі бағытта кітап оқып, видеороликтер жасады.

Жобаның мақсаты: Ата-анасымен балалардың ара-қатынасының одан әрі қызықты бағытта дамуына және уақытының кішкене бөлігін бөле білуге жағдай жасау. Кітапқа деген қызығушылығын арттыру. Балалалдың ертегі желісін түсіне және ауыз екі тілде айта білумен қатар, кітапты ұқыпты ұстауға дағдыландыру.



№41 «Назерке» бөбекжай-балабақшасы

«SMART BALA»

№1 «Ақбота» ересек тобы

Тәрбиеші: Кожағалиева Ш.Ө

2024-2025 оқу жылы

«SMART BAIА»- өнер тапқыштыққа алғашқы қадам атты жоба аясында №41 «Ақбота» ересектер тобының тәрбиеленушілері түрлі леґо конструкторлармен өз қалауларымен, фантазияларымен жұмыстану көзделді.

Жобаның мақсаты: Топ тәрбиеленушілерін өзара тату ойнауына, ынтымақтастыққа тәрбиелей отырып, өз ой-қиялдарымен құрастыруға сол құрастырған заты туралы мәлімет беруге дағдыландыру. Баланың сөйлеу өз ойын еркін жеткізуге дағдыландыру.

№41 «Назерке» бөбеюкай-балабақшасы

«Қарттарым асыл-қазынам»

№1 «Ақбота» ересек тобы

Тәрбиеші: Кожағалиева Ш.Ө

2024-2025 оқу жылы

«Қарттарым асыл-қазынам»- атты жоба аясында №1 «Ақбота» ересектер тобының тәрбиеленушілері мен ата-аналары арасында бірлесіп, ата-әжелеріне арнап қабырға газеттерін жасады.

Жобаның мақсаты:

Топ тәрбиеленушілері өздерінің үлкен Ата-Әжелеріне арнап, құттықтау қабырға газеттерін шығарып, сонымен қатар жүрек жарды ізгі тілектерін жолдады. Балаларға үлкендерді сыйлаумен қатар, оларға қамқорлық көрсету керектігін ұғындыру. Тек қарттар мерекесінде емес, әрбір күні де осындай құрметтеулерін түсіндіру.

№41 «Назерке» бөбекжай-балабақша

Мерекелік іс-шара
Тақырыбы: «Қыран елі-Қазақстан»
№1 «Ақбота» ересектер тобы

Тәрбиеші: Кожағалиева Ш.Ө

2024-2025 оқу жылы

Мақсаты: 1.Балалардың Отан, Қазақстан, туған жер туралы түсініктерін кеңейту;

2.Балаларды Отанды сүйуге, еліміздің рәміздерін қастерлеуге, туған еліне деген сүйіспеншілігін арттыру.

3.Балаларды достыққа, адамгершілікке саналылыққа тәрбиелеу.

Кеңейтілген іс-шара әдісі: сұрақ-жауап, әңгімелесу, ойын түрлері.

Сәлеметсіздер ме, балалар!

-Сәлеметсіздер ме, балалар! Бүгін тобымызда мерекеге орай ұйымдастырылған іс –шара өтеді. Мерекелерің құтты болсын! Дендерің сау босын!

–Балалар қазір қандай жыл мезгілі?

- Балалар: Қазір жылдың күз мезгілі

-Күз мезгілінде неше ай бар?

-Үш ай бар. Қыркүйек, қазан, қараша айлары.

-Балалар, қазан айында қандай мерекелер бар? Білесіңдер ме?

-Иә. Ұстаздар күні. Қарттар күні және 25-қазан Қазақстан Республикасы күні.

-Олай болса балалар, 25-қазан Республика күніне арналған «Қыран елі-Қазақстан» атты кеңейтілген іс-шарамызды бастаймыз.

Хор: Әнұран.

Балалар, арайланған таңды сүйетін кім?

-Мен

-Алтын сәулелі күнді сүйетін кім?

-Мен

-Дархан даланы сүйетін кім?

-Мен

-Ата-ананы сүйетін кім?

-Мен

-Досын сүйетін кім?

-Мен.

-Болашағы елімнің кім?

-Мен.

-Кәне, балалар, Отан деген не?

-Адамның туып өскен жері, туған-туысқандары, біз тұратын атамекен.

Балалар, біздің Отанымыз қалай аталады?

-Біздің Отанымыз Қазақстан.

Еліміздің бас қаласы қалай аталады?

-Біздің бас қаламыз - Астана.

Біздің Президентіміз кім?

-Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев.

-Еліміздің қандай рәміздерін білесіңдер?

Ту, Әнұран, Елтаңба.

Ойын: «Кім жүйрік?»

Шарты: Ұяшықтағы тапсырмаларды орындау.

«Рәміздерді орналастыр» (топтық жұмыс).

Шарты: Суретте рәміздердің көлеңке суреті берілген. Үлгіні қарап отырып, рәміздерді орналастырады.

Хор: «Біз бақытты баламыз!»

1.Арсен А. Игілік.

Республикам киелім,
Соғып тұрар жүрегім
Республикам жасай бер,
Мықты болып тірегің!

2.Найля

Республикам әнімсің,
Жүрегімде тербелер.
Ел жоқ шығар өзіңе,
Республикам тең келер!

3.Арсен Ш. Мадина

Республикам жасай бер,
Атар таңың бақ сыйлап,
Тәуелсіз ел жасай бер,
Қуанышты күй сыйлап.

4.Кәусар

Республикам ғажабым,
Артсын даңқың ажарың,
Қазақ елі жанданып
Таусылмасын базарың!

Би: «Текемет»

5.Нұрберген

Балалармыз бақытты,
Мерекені тойлайтын.
Республика күнінде,
Бар жақсыны ойлайтын.

6.Илияс

Мен бақытты баламын,
Айтқан тілді аламын.
Республика күнінде

Жұлдыз болып жанамын.

7. Дария, Ибраһим, Ирада
Жиырма бесі қазанның,
Атаулы күн мереке
Республика күні бұл
Сыйлар елге береке.

8. Әлихан, Бағназ
Республика күнінде,
Орнасын бар жақсылық,
Азаттықтың көк туы
Сыйлай түссін сәттілік!

Ойын: «Пазл»

Ойын шарты: Берілген сурет қиындыларын құрастыру. (Бәйтерек, Ханшатыр, Күн, Ту, Пирамида)

9. Айжұлдыз, Айша, Абылай
Жадыратып жанды бұл,
Нұр сыйлайтын арай күн!
Құтты болсын бүгінгі
Республика күні бұл!

10. Аяулым, Әли
Азаттығы жанданған,
Жасай берсін еліміз
Республика күнінде,
Гүлдей берсін жеріміз!

11. Әмина, Арлан, Ғазиз.
Республика күні бұл,
Құтты болсын гүл елім,
Көңілімнің нұрысың,
Сен деп соғад(ы) жүрегім.

12. Сүйемхан
Республикам гажабым,
Артсын, даңқың ажарың
Қазақ елі жанжанып,
Таусылмасың базарың!

13. Тамерлан
Республикам жасай бер,
Атар таңың бақ сыйлап,
Тәуелсіз ел жасай бер
Қуанышты күй сыйлап.

Ойын: «Сәйкестендір»

Ойын шарты: Берілген суретке ұқсас затқа тауып, сәйкестендіру.

14. Томирис

Республикам өзіңсің,
Сыйлар бізге гүл бағын,
Бір өзіңе арналар
Таусылмайды жырларым!

15.Азима

Республика күні бұл,
Елге шаттық беретін
Азаттықтың байрағы
Көңілге нұр себетін.

16.Диляра

Республикам жырларым,
Тұмарым қып тағатын
Әуелетіп жүрекпен
Шырқап әнге салатын.

17.Мейіржан

Көк байрағы айбыным.
Көк байрағы байлығым
Көк байрағым құбылам
Қуат алған нұрынан!

Хор: «Елімнің ертеңгі несі біз»

Байтақ дала жерім менің
Арта берсін даңқың сенің,
Көк байрағың желбіресін

Егеменді елім менің-дей отырып, Республика күніне арналған «Қыран елі-
Қазақстан » атты мерекелік іс-шарамыз аяқталды.



№41 «Назерке» бөбекжай-балабақшасы

Тақырыбы: «Отан сүйген, ұланбыз!»
№1 «Ақбота» ересек тобы
(кеңейтілген іс-әрекеті)

Тәрбиешілері: Кожағалиева Ш.Ө
Сәдуова А.Б.

2024 оқу жылы

Мақсаты: Балаларды Отанды сүйуге, Қазақстан Республикасының рәміздерін кастерлеуге туған жерге деген сүйіспеншілігін арттыруға тәрбиелеу. Боздақтарға тәу ету. Бүлдіршіндердің тілдік, сөздік қорын молайту.

Көрнекіліктер: ҚР Рәміздерінің суреттері, ойындар, Елбасымыз Қасым-Жомарт Кемелұлының суреті, желтоқсан оқиғасының құрбандардың суреттері.

ҚР. Әнұраны орындалады.

Сұрақ-жауап

-Балалар қазір жылдың қай мезгілі?

Қыс.

-Қыс мезгілінде неше ай бар?

Зай бар.

-Қыс айларын атайық?

Желтоқсан, қаңтар, ақпан.

-Қыс мезгілінде ауа-райы қандай болады?

Салқын, боран, ызғарлы, аяз болады.

-Үстімізге қандай киім киеміз?

Жылы киімдер киеміз.

Жарайсыңдар балалар!

-Біз аспаны ашық, сәулелі, кең байтақ елде тұрамыз. Ол ел-Қазақстан!

-Біздің еліміз қалай аталады?

-Тәуелсіз Қазақстан Республикасы

Дұрыс айтасыздар! Отанымыз, жеріміз Тәуелсіз Қазақстан Республикасы деп аталады. Біздің тәуелсіздік алғанымызға 33 жыл толып жатыр. Осы жылдың ішінде біздің еліміз Қазақстан көптеген жетістіктерге жетті. Күні бүгінде Қазақстан Республикасын бүкіл әлем мойындады. Әр адамның өз Отаны, ата жұрты, мекені, қонысы болады екен.

Тақпақтар

Сүйемхан:

Он алтыншы желтоқсан
Тәуелсіздік алған күн,
Мерекеге ел тосқан
Шырқатып ән салған күн.

Нейла:

Көк туымды қолыма,

Бүгін берік ұстадым,
Түсті бақыт жолыма
Менің Қазақстаным!

Айжұлдыз:

Бабамның да арманы,
Осы еді ғой аңсаған,
Тәуелсіздік таңдары
Бақ береді баршаға.

Ән: «Әнұран менен Елтаңба!»

Нұрберген:

Мерекеге шығады,
Бүкіл халық біліп қой.
Отандастар ұғады
Тәуелсіздік ұлық той.

Илияс:

Көк туымды қолыма,
Бүгін берік ұстадым,
Түсті бақыт жолыма
Менің Қазақстаным!

Ойын: «Көлеңкесін тап»

Әр берілген суреттерді көлеңкесі арқылы тауып, орналастыру.

-Елімізді басқарып отырған Елбасшымыз кім?

Қасым-Жомарт Кемелұлы.

-ҚР Рәміздерін атайықшы

Ту, Елтаңба, Әнұран

Ойын: «Рәміздерді орналастыр»

Шарты: Берілген суреттерді өз орнымен жапсырғыш арқылы жапсырып орналастыру.

-Тудың түсі қандай?

-Тудың түсі қандай? Туда нелер бейнеленен?

Тудың түсі көк, шетінде ою-өрнек, ортасында қыран құс бейнеленген.

-Елтаңбада ненің бейнесі бар?

Елтаңба алтын түстес және көгілдір түсті. Әлемнің тұтастығын, ошақтың амандығын білдіреді. Тұлпар биік арманның, қайраттың нышаны. Жұлдыз-жұлдызымыз жарық болсын дегенді білдіреді.

Тәуелсіздік құрбандары, олардың ерліктері туралы әңгімелеп, үнсіздік жариялап еске алу.

Би: «Айгөлек»

Кюар коды арқылы Ханшатыр, Бәйтерек, Ақ үй, ЭКСПО-ны қарап Led экран арқылы тамашалап, мағмұлмат алу.

Жарайсындар балалар! Қазақстанымыздың көк байрағы желбіреп, еліміз тыныш, халқымыз аман болсын!

Хор: «Елімнің ертеңгі иесі біз!»

(Балаларды марапаттау мақсатында Қазақстан тәттісін тарату).



№41 «Назерке» бөбекжай-балабақшасы

Тақырыбы: «Менің елім-Қазақстан!»

(кеңейтілген іс-әрекеті)

2023-2024 оқу жылы

Тәрбиешілері: Кожағалиева Ш.Ө

Сәдуова А.Б.

Ақтөбе қаласы

Мақсаты: Балаларды Отанды сүйуге, Қазақстан Республикасының рәміздерін қастерлеуге туған жерге деген сүйіспеншілігін арттыруға тәрбиелеу. Боздақтарға тәу ету. Бүлдіршіндердің тілдік, сөздік қорын молайту.

Көрнекіліктер: ҚР Рәміздерінің суреттері, ойындар, Елбасымыз Қасым-Жомарт Кемелұлының суреті, желтоқсан оқиғасының құрбандардың суреттері.

ҚР. Әнұраны орындалады.

Сұрақ-жауап

-Балалар қазір жылдың қай мезгілі?

Қыс.

-Қыс мезгілінде неше ай бар?

Зай бар.

-Қыс айларын атайық?

Желтоқсан, қаңтар, ақпан.

-Қыс мезгілінде ауа-райы қандай болады?

Салқын, боран, ызғарлы, аяз болады.

-Үстімізге қандай киім киеміз?

Жылы киімдер киеміз.

-Қандай ойындар ойнаймыз?

Сырғанақ тебеміз, аққала жасаймыз, шанамен таудан төмен сырғанаймыз т.б.

Жарайсыңдар балалар!

-Біз аспаны ашық, сәулелі, кең байтақ елде тұрамыз. Ол ел-Қазақстан!

-Біздің еліміз қалай аталады?

-Тәуелсіз Қазақстан Республикасы

Дұрыс айтасыздар! Отанымыз, жеріміз Тәуелсіз Қазақстан Республикасы деп аталады. Біздің тәуелсіздік алғанымызға жыл толып жатыр. Осы жылдың ішінде біздің еліміз Қазақстан көптеген жетістіктерге жетті. Күні бүгінде Қазақстан Республикасын бүкіл әлем мойындады. Әр адамның өз Отаны, ата жұрты, мекені, қонысы болады екен.

Тақпақтар

Сүйемхан:

Он алтыншы желтоқсан
Тәуелсіздік алған күн,
Мерекеге ел тосқан
Шырқатып ән салған күн.

Нейла:

Көк туымды қолыма,
Бүгін берік ұстадым,
Түсті бақыт жолыма
Менің Қазақстаным!

Айжұлдыз:

Бабамның да арманы,
Осы еді ғой аңсаған,
Тәуелсіздік таңдары
Бақ береді баршаға.

Нұртуған:

Мерекеге шығады,
Бүкіл халық біліп қой.
Отандастар ұғады
Тәуелсіздік ұлық той.

Абдулла:

Көк туымды қолыма,
Бүгін берік ұстадым,
Түсті бақыт жолыма
Менің Қазақстаным!

Ойын: «Көлеңкесін тап»

Әр берілген суреттерді көлеңкесі арқылы тауып, орналастыру.

-Елімізді басқарып отырған Елбасшымыз кім?

Қасым-Жомарт Кемелұлы.

-ҚР Рәміздерін атайықшы

Ту, Елтаңба, Әнұран

Ойын: «Рәміздерді орналастыр»

Шарты: Берілген суреттерді өз орнымен жапсырғыш арқылы жапсырып орналастыру.

-Тудың түсі қандай?

-Тудың түсі қандай? Туда нелер бейнеленен?

Тудың түсі көк, шетінде ою-өрнек, ортасында қыран құс бейнеленген.

-Елтаңбада ненің бейнесі бар?

Елтаңба алтын түстес және көгілдір түсті. Әлемнің тұтастығын, ошақтың амандығын білдіреді. Тұлпар биік арманның, қайраттың нышаны. Жұлдыз-жұлдызымыз жарық болсын дегенді білдіреді.

Тәуелсіздік құрбандары, олардың ерліктері туралы әңгімелеп, үнсіздік жариялап еске алу.

Жарайсыңдар балалар! Қазақстанымыздың көк байрағы желбіреп, еліміз тыныш, халқымыз аман болсын!

(Балаларды марапаттау мақсатында Қазақстан тәттісін тарату).

«Еңбегі адал- жас өрен» жобасы
«Күзгі асар» бірлескен жұмыстар жәрменкесі
I «Ақбота» ересек тобы

Тәрбиеші: Қожағалиева Ш.Ө



«Еңбегі адал – жас өрен» атты жоба аясында
I «Ақбота» ересектер тобының тәрбиеленушілері мен ата аналары
бірлесіп жасаған **«Күзгі асар»** жәрменкеде.

Жұмыстың мақсаты:

Топ тәрбиеленушілері Ата - Аналармен бірлесе отырып күз тақырыбына
әр түрлі қалдық материалдар пайдаланып қолдан жасалған бұйым
жасау. Күзгі көкөніс пен жемістер, жидектердің пайдасын олардың бала
ағзасына жақсы әсер ететінін түсіндіру.
Күз мезгілінің бай және әдемі мезгіл ,табиғаттың әр мезгілінің өзіне тән
ерекшелігі бар екенін түсіндіру.

№41 «Назерке» бөбекжай-балабақшасы

«Жасыл шырша жанында»

№1 «Ақбота» ересек тобы

Тәрбиеші: Кожағалиева Ш.Ө
Сәдуова А.Б

2024-2025 оқу жылы

Ақша қар-
Мақта қыз-
Қоян-
Аю-
Маша-

Мақсаты: Балаларға жаңа жыл туралы түсінік беру. Аяз Ата сыйлық беретінін айтып, балаларды қуанышқа бөлеу. Шыршаның әдемілігіне назар аударып, ойыншықтардың әдемілігіне қызықтыру. Әндер, билер арқылы балаларды өнерге талпындыру.

Жүргізуші: Жаңа жылдың таңы неткен арайлы,
Ақ мамыққа орап алды маңайды.
Жаңа жылмен құттықтаймын бәрінді,
Бәрімізге болсыншы жыл арайлы!

Құрметті: №41 «Назерке» бөбекжай-балабақшасының ұжымы, ата-аналар және балалар, келіп жеткен 2025ж Жылан жылы құтты болсын!

Отбасыларыңыз аман, еліміз тыныш болсын! Әр отбасы қуаныш пен шаттыққа бөленсін! Ендеше №1 «Ақбота» ересек тобының «Жасыл шырша жанында» атты Жаңа жылдық кешіне қош келдіңіздер!

(Балалар музыкамен залға кіреді. Қолдарында жылтыр дождик болады)

Флешмоб «Көңілді би!»

Мақта қыз: Сәлем достар! Қандай әсем шырша, әдемі безендірілген. Сендерде әдемі киімдерінді киіп шыршаға келіп отырсындар! Балалар сендер мені таныдыңдар ма?

Балалар: Иә, сен Мақта қызсың.

Мақта қыз: Жарайсындар мені жақсы таниды екенсіңдер! Мен Мақта қызбын! Мен досым Мысықты іздеп шықтым. Сендер Мысықты көрген жоқсындар ма? Біз шыршаға барамыз дегенбіз бірақ, Мысық досым мені тыңдамай қашып кетті. Мысық досым келгенше шыршада сендермен бірге ән салып мерекені тойласам қарсы болмайсындар ма?

Балалар: Иә!

Жүргізуші: Жарайды Мақта қыз! Бізбен бірге жаңа жылды тойлай ғой! Ал, балалар не тұрыс ән шырқап, би билеп, ойындар ойнайық. Жаңа жыл кешімізді бастайық!

(Осы кезде залға Аю келеді)

Аю: Ой, қандай керемет қыс. Менің Маша қызым қайда кеткен? Жарайды ол келем дегенше азырақ ұқтап алайын. Қай жерге ұқтасам екен? –жарайды осы жерге ұқтап алайын. (Шыршаның астына көрпешесін жайып аю ұйқыға кетеді).

Ойын: «Сыңарын тап та, секір!» (фетраның үстінде сыңарын тауып, секіру)

(Залға қоян кіреді).

Қоян: тонып бара жатырмын. Аяғымда, колдарымда тонып калды. Қайтсем екен? Ой мына жерде Аю ұқтап жатыр ғой.

-Аю мырза, аю мырза тұрыңыз. (Аю тұрмайды)

Жүргізуші: Жарайды балалар Қоянмен бірге ән айтайық.

Ән: «Жаңа Жыл әні»

(Аю оянып кетеді)

Аю: Қандай ән, қандай би? Кім мені шулап оятқан?

Балалар: Сені оятқан Қоян.

(Аю тұра қоянды қуады. Қоян каша жөнеледі. Қоянды қуамын деп Аю аяғын ауыртып алады).

Аю: Ой аяғым-ай, аяғым! Менің Маша кызымды көмекке шақырыңдар!

(Маша келеді)

Маша: Сәлеметсіздер ме, балалар! Кім ауырып жатырған. Кел қарап, укол салып жіберейін.

Аю: Мен уколдан қорқамын. (Қаша жөнеледі. Шығып кетеді)

Маша: Балалар, ауырмау үшін не істеу керек?

Балалар: Көп кимылдар жасап, дәрумендер қабылдау керек, дұрыс тамақтанып, жаттығулар жасау керек.

Жүргізуші: Онда не тұрыс қане кимылды қозғалыс жасап, мерекені қыздырмаймыз ба?

Қимылды қозғалыс: «Қар лақтыру» ойыны.

Далада қар борайды,
Ақ мамыққа орайды,
Қолымызды уқаласақ.
Қолымыз біздің тоңбайды.
Тоңбаймыз, біз тоңбаймыз
Суықтанда қорықпаймыз.
Қалың киім киіп ап,
Қар лақтырып ойнаймыз.

Маша: Балалар сендермен көңілді болды. Енді мен Аюды тауып алып уколын беріп аяғын емдеп жіберейін. Сау болыңыздар!

Арсен Ш. Жаңа жыл, Жаңа жыл,
Жаңа жылға жаңа жыр,
Жасыл шырша жанында
Билеп барлық бала жүр.

Азима: Тамаша. Тамаша!
Шыршамыз тұр жараса
Басында әсем жұлдызы
Көз тоймайды қараса.

Найля: Жаңа жылда балалар,
Тек қуаныш көріндер!
Ауырмандар ешқашан

Мықты болып өсіңдер!

Ойын: «Ұқсасын тап та, сыйлық ұтып ал!»

Ойын шарты: Суреттер қорапшаларда бейнеленген.

(қар, аққала, шырша, шана) ұқсасын көрмей тауып, қораптың үстіне дәл тауып қойса, сыйлықты ұтып алады.

Мадина: Жасыл желек жамылған,
Асыл моншақ тағылған
Міне сұлу шыршамыз,
Көптен күтіп сағынған.

Кәусар: Оралдың өлкеме,
Жаңа жыл армысың,
Оранды ақ көрпеге,
Асқар тау қарлы шың.

Ғазиз: Сақалы аппақ күмістей,
Тістері аппақ күріштей
Қызыл ала шапаны
Сағындым Аяз Атаны.

Би: «Сельфи» (қыздар биі)

Бағназ: Тауда туып, тауда өскен
Шырша келді ортаға,
Қандай жақсы шыршамыз,
Ән шырқайық баршамыз.

Диляра: Тамаша сый алып.
Келді Аяз Атамыз
Шаттанып, қуанып,
Шырқап ән айтамыз.

Игілік: Келіңдер, келіңдер!
Тақпақ айтып беріңдер!
Жомарт Аяз Атадан,
Сыйлық алып көріңдер!

Ата-аналармен ойын: «Байпақ»

Ойын шарты: Екі ата-ана байпақтың сыңарын бөліп киіп, шыршаны айналып билейді. Музыка тоқтағанда жүгіріп барып үстелдің үстіндегі сылдырмақты алып, сылдырлату керек.

Мақта қыз: Ал, енді балалар мен сендерге жұмбақ жасырсам болама?

Жүргізуші: Әрине, болады.

Мақта қыз: Ақ таяғын таянып,
Таңмен бірге оянып,
Атай бізге келеді,
Сыйлықтарын береді.

-Бұл кім балалар?

Балалар: Аяз Ата.

Жүргізуші: Ал, ендеше балалар Аяз Ата келгенше Аяз Ата туралы әнімізді шырқайықшы.

Хор: «Аяз Ата»

Мақта қыз: Қане, бәріміз бірге Аяз Ата, Ақшақар деп шақырайықшы

Балалар: Аяз Ата-Ақшақар. (Музыка ойнайды. Аяз Ата мен Ақшақар келеді)

Аяз Ата: Сәлемтсіздер ме балалар, сәлеметсіздер ме ата-аналар!

Қандай жарқын жүздерің,

Қандай әсем жырларың,

Асулармен алысқан,

Асау желмен алысқан

Аталарың сендерге

Келіп қалды алыстан.

Ақшақар: Амансыздар ма балалар, тәрбиешілер, ата-аналар, балабақша ұжымы сіздерді сағынып жеттік. Жаңа жылдарың құтты болсын! Жылан жылы табыс, береке, бірлік әкелсін!

Ақшақар: Балалар шыршаның шамдары неге жанбай тұр. Қане,

шыршамыздың шамын жағайық. Менімен қосылып айтыңдар:

Ақ тас, қара тас, шыршамызға жарық шаш-2рет. (балалармен бірге)

(шырша жанады).

Жүргізуші: Ал, сенді балалар Ақшақар мен Аяз Атаға арнаған әнімізді айтайып, өнерімізді көрсетейік.

Ән: «Ақшақар»

Илияс: Қараңдар, мынау шыршаға,

Неткен әсем көрікті,

Жаңа жылдық думанға,

Аяз ата келіпті.

Арлан: Ақ таяғын таянып,

Таңмен бірге оянып,

Аяз Ата қуансын

Тақпақ айтып берейік!

Ирада: Келді мені Жаңа Жыл

Қарсы алайық бәріміз.

Күліп ойнап, би билеп,

Ән салайық жаңаша.

Хор: «Мүз қат Аяз Ата!»

Тамерлан: Әкелсін жыл ырыс-құт,

Әлемде болсын тыныштық

Ән салайық жаңаша,

Жаңа жылым тамаша!

Айжұлдыз: Жаңа жылым мол болсын!

Басқан қадам оң болсын!

Төрле, төрле жаңа жыл

Бізге құтты жыл болсын!

Ибрахим: Әдемілеп біз ілген,

Ойыншықтар тізілген

Қандай әсем шыршамыз,

Ән шырқаймыз баршамыз!

Томирис: Тілеймін мен бар әлемге,

Дос көп болсын Жаңа жыл!

Ата-әже, ата-әже

Құтты болсын Жаңа жыл!

Би: «Санталар мен қуыршақтар»

Жүргізуші: Қай-қайсымыз болсақта, осы мерекелік кештен келесі Жаңа 2026жылға дейін жүрегімізде есте қалатындай бір сезімді себелейміз, ол сезім бізді келесі жылға дейін үмітпен жетелеп отырады. Әрбір кірген Жаңа жылдың өзінің бізге дайындаған қуанышы, бақыты сыйы болады. Әр шанғырақ қуаныш пен шаттыққа бөленсін! Жаңа Жыл құтты болсын!





25.12.2024



25 12. 2024



25.12.2024

Тақырыбы: «Желшешек»
(Ата-аналарға кеңес).

Өткізген: Сәдуова А.Б

2025 оқу жылы

Желшешек - инфекциялық ауру, вирустан тарайды.

Мұнымен 1 жастан 10 жасқа дейінгі балалар жиі, ал 10 жастан асқан балалар мен ересектер сирек ауырады. Желшешекпен ауырып жазылған адамда күшті иммунитет қалады. Желшешек ауа арқылы тарайды. Сырқаттың инкубациялық (жабық) кезеңі 11 күннен 21 күнге дейін, яғни орташа 14—15 күнге созылады. Ауру басталғанда температура 38—39°C-ге дейін көтеріледі де, адамның терісі мен шырышты қабығында қышыма бөрткен пайда болады. 3—5 күн өткеннен кейін бөрткеннің көбеюі тоқтайды да, температура төмендеп, қалпына келеді, бөрткен қара қотырланып, 1,5—2 аптадан соң оның қабығы түседі. Кейде барлық ауырғай кезеңде температурасы көтерілмей, әдеттегідей бір қалыпты болады.

Ауру адам сырқаттың инкубациялық кезеңінің соңғы күнінен бастап және бөрткен шыққаннан кейінгі 9-күнге дейін жұқпалы болып есептеледі. Әдетте желшешек жеңіл өтеді, бірақ кейде (әлжуаз балаларға шыққанда) асқынатын да кезі болады, терісі іріндейді, құлақтары мен аузының шырышты қабығы т. б. қабынып ауырады. Сырқат баланы мұқият күтімге алу керек. Аурудың денесі бөртсе, оның үстіне температурасы көтерілсе, сырқатты қозғалтпай жатқызып қойған дұрыс. Төсек — орын жаймасын жиі-жиі алмастырған жөн. Сондай-ақ теріні күтудің де маңызы зор. Баланың денесінде бөрткеннің болғанына қарамастан оны қайнаған сумен немесе қызғылтым етіп езілген калий перманганатымен («марганцовка») жуады (мақтаны пайдаланып, өте еппен); ал қолын сабындап жуу керек. Бала терісін қасып, тырнап тастамауы үшін қолының тырнағын алып, дәкеден қолғап тігіп кигізу қажет. Бөрткенді 1 проценттік калий перманганатының немесе 1—2 проценттік бриллиантты зеленка ерітіндісімен сүртсе, ол көп қышымайтын болады. Баланың ерніне тұзсыз сары май немесе қайнатылған күнбағыс майын жағып, сусынды көп ішкізу керек. Кішкентай баланың тандайын салқын шаймен немесе қайнаған сумен жібітіп отырады. Сондай-ақ сәбидің танауының тазалығына баса назар аудару қажет. Танауындағы жараның қабығын вазелин жағылған немесе қайнатылған күнбағыс майына шыланған мақтамен сүртіп тазалайды.

Науқас балаға ең қажетті нәрсе — таза ауа мен жарық. Мұндай балаларды шаңсыз, жел тимейтін, тыныш жерде, дені сау балалардан бөлек серуендету қажет. Баланың температурасы төмендеп, бөрткеннің қайталап шығуы тоқтағаннан кейін, яғни бұрынғы бөрткендері қара қотырланған соң серуенге шығаруға болады. Серуендету режимін дәрігермен келіскен жөн.

Сәбиді дұрыс тамақтандыру керек. Температурасы көтерілгенде ол тағамнан бас тартады, сырқаты асқынған кезінде кішкентай балалардың іші өтеді, құсалы. Мұндай жағдайда баланы зорлап тамақтандыруға болмайды, тек 6—12 сағаттан кейін тамақтандырып, сусынды көп ішкізу қажет. Егер баланың аузы уылып, ол тағамнан бас тартса, оған сұйық немесе, жұмсартып пісірілген қоймалжың тағам (жылытып) беру керек (үгітілген көкөніс

сорпасы, ботқа, көкөніс поресі, кисель). Балаға қышқыл және ащы тағам беруге болмайды. Әсіресе іштің жүруін бақылап отыру керек. Үлкен дәреті жүрмей қалғанда клизма қойып, іші өтсе дәрігер келгенше тамақтандырмай, қайнаған суды немесе суыған шайды көп ішкізу қажет.

Желшешек шыққанда дезинфекция жасамайды; науқас бала жатқан бөлмені желдетіп, дымқыл шүберекпен сүртіп алса жеткілікті. Науқаспен жақындасқан 7 жасқа дейінгі баланы 11 күннен 21 күнге дейін оңашалау керек (жақын араласқан алғашқы күннен бастап).

№41 «Назерке» бөбекжай-балабақшасы

**Тақырыбы: «Тұмаудың алдын алудың тиімді
жолдары қандай?»
(Ата-аналарға кеңес).**

Өткізген: Кожағалиева Ш.Ө.

2025 оқу жылы

Тұмау мен суық тию белгілері жағынан ұқсас жұқпалы аурулар болып табылады. Бұл ауру түрімен халықтың көпшілігі ауырады. Суық тию – мұрын мен тамаққа, ал тұмаумен ауырғанда тыныс жүйесіне әсер береді. Бұл ауруларды адам ағзасы өзі жеңе алады, кейде елеулі асқынулар болуы мүмкін. Иммундық жүйені нығайту және суық тию мен тұмаудың алғашқы белгілері білінісімен гигиенаны бақылай отырып, сауықтыру шарасын жүргізіп, кез келген асқынуларды болдырмауға болады. - Гигиена сақтау - Иммунитетті күшейту - Тұмаудың бастапқы белгілері білінген кездегі емдеу шаралары. • 1-бөлім. Гигиена сақтау 1) Қолыңызды жуыңыз. Суық тию мен тұмаудың алдын алудың ең тиімді және қарапайым шараларының бірі – қолды жиі және мұқият жуу болып табылады. Бұл қоғамдық орында, ауада, заттардың бетінде қонған бактериялар мен вирустардың әсерінен болатын тұмау және суық тиюдің таралуын азайтады. Қолды сулаңыз да сабындап 20 секундтай жуыңыз, алақаныңыз бен қолдың сыртын, сау-сақ араларын, тырнақ астын түгел сабын тигенін қадағалаңыз. Қолды сумен жақсылап шайып таза орамалмен сүртіңіз. Қолды жууға мүмкіндік болмаған орында пайдаланатын, қолға арналған арнайы дезинфекциялау құралын алып қойған жөн. 2) Мұрын және ауызды жабу. Жөтелу немесе түшкіру кезінде ауызды, мұрынды қолмен немесе қағаз орамалмен жабу керек, қағаз орамалды бір пайдаланған соң тастау керек. Бұл – микробтар мен вирустардың таралуын болдырмайды. Бактерия немесе вирус қолда қалмас үшін, шынтақты бүгіп, білекті басып тұрып жөтелуге, түшкіруге болады. 3) Халық көп жиналатын орыннан аулақ болыңыз. Суық тию мен тұмау өте тез таралатын жұқпалы ауру. Халық көп жиналған орында жұқтырып алу қаупі жоғары. Халық көп жиналатын қоғамдық орыннан өзіңізді алшақ ұстай отырып, ауруды таралу қаупін азайтасыз. Ондай орында әрбір затты ұстағаннан кейін қолды тазалап жуу қажет. (мысалы, есік тұтқасы т. б.) Егер өзіңізді нашар сезініп тұрсаңыз үйден шықпаңыз, тіпті болмағанда бір күн үйде болыңыз, айналаңызға ауру жұқтыру қаупін азайту үшін. Баланы балабақшада гигиеналық ережелерді қатаң ұстап, ауру балаларды келуіне тыйым салынады. 4) Ортақ пайдаланатын орынды дезинфекциялаңыз. Суық және тұмау вирустары ортақ пайдаланатын орындарда, әртүрлі заттардың, жиһаздардың бетінде, ауада болады әсіресе жуынатын бөлмеде, ас бөлмеде. Суық тию мен тұмауды болдырмас үшін осындай орындарды дезинфекциялау қажет. Міндетті түрде ажетхананы тазалаңыз, қол жуғышты жуыңыз, есік тұтқаларын, жиһаздарды сулы шүберекпен сүртіңіз. Өзіңізге қол жетімді тазалау құралын пайдалануға болады бірақ вирустар мен микробтарды жоятын құрал Белизнаны пайдаланған дұрыс.

• 2-бөлім. Иммунитетті күшейту 1) Екпе (Вакцина) салғызу. Арнайы жылына бір рет вирусқа қарсы екпе салғызу керек. Бұл маусымдық тұмау кезінде иммундық жүйені нығайтады. Сізге тұмауға қарсы екпе салғызуға бола ма, ол туралы дәрігермен ақылдасыңыз. Тұмауға қарсы екпені жылына бір рет салғызыңыз. Егер, екпе салғызғаныңызға бір жылдан асып кеткен болса, оның күші әлсірейді. Тұмауға қарсы екпені 6 айлық сәбиден бастап 65 жасқа

дейін адамдарға салуға рұқсат беріледі. 65 жастан асқан адамдарға әдетте пневмококк вакцинасын жасайды. (Пневмовакс) Есте сақтаңыз! Екпе салған орын сәл - пәл ауруы қалыпты екенін ескеріңіз. Сондай - ақ екпе мұрынға тамызатын спрей түрінде де қолжетімді. Екпемен салыстыруға келмейді, бірақ тұмау белгілерімен жақсы күреседі. Екпе салғызған соң кез келген жанама әсерлері туралы дәрігерге айтыңыз (қызуы көтерілу, дененің ауырсыну). Кейбір елдерде екпе салғызған адам, арнайы құжат сұрай алады. Онда екпенің түрі, әсері, неден қорғайды т. б көрсетіледі.

2) Науқас адаммен байланыспаңыз. Тұмаумен ауырған адаммен тар жерде ұзақ байланысудан аулақ болыңыз. Осылай кез келген бактерия немесе вирустың ағзаңызға еніп, ауру туғызуынан сақтайсыз. Науқас адаммен байланысты сыпайы түрде үзіңіз. Мысалы, «Кешіріңіз, менің шұғыл шаруаларым бар еді, асығып тұрмын» - деген секілді. Егер үйде ауырып жатқан адам болса, арнайы өз бөлмесінде жатуын қадағалаңыз. Басқалармен көп байланыспауын өтініңіз. 3) Өзіңізге тиесілі заттарды ғана пайдаланыңыз. Науқас адам тұтынған заттарды пайдаланбаңыз. Науқас адамның тұтынатын заттарын бөлек ұстаған дұрыс. Осылай жасай отырып сіз өз ағзаңызды кез келген бактерия мен вирустан қорғайсыз. Тамақтанып болған соң, ыдыстардың таза жуылуына назар аударыңыз. (ыдыс жууға арналған құрал пайдалану, қайнаған ыстық сумен шаю). 4) Баламалы дәрі - дәрмек түрін пайдаланыңыз. Кейбір адамдар дәстүрлі емес дәрігерлік әдістердің тұмауға және суық тиюге көмегі барына сеніп жатады. Сондықтан оксалин мазы, ибуфен, ампицилин таблеткаларын пайдаланған жөн.

●3-бөлім. Тұмаудың бастапқы белгілері білінген кезінде емдеу шаралары. 1) Ағзаның құрғауына жол бермеңіз. Қызу көтеріліп терлегеннен, мұрыннан тоқтамай су аққаннан ағзадағы судың мөлшері төмендейді, сондықтан сұйық көп ішу қажет. Сұйық көп ішу, аурудың күшеюін төмендетіп, жағдайыңыздың қалпына келуіне оң ықпал етеді. Әйелдер үшін күніне 9 стакан, ерлер үшін 12 стакан сұйықтық ішу қажет деп есептеледі екен. (су, шырын, шөптерден дайындалған шай, кофеинсіз сусындар т. б.) Кофе, қара шай, кофеин бар сусындар ағзаны құрғат-ып, ауруды асқындырады. 2) Тауық сорпасын ішіңіз. Зерттеулердің нәтижесі көрсеткендей, суық тиюге қарсы ең тиімді халық емі бұл – тауық сорпасы - шын мәнінде ағзаның суық тию белгілерімен күресуіне жағдай жасайды. Тіпті, ыстық тауық сорпаның буы суық тию белгілерін жеңілдетеді. Тауық сорпасы ағзаның құрғауының алдын алады. Есте сақтаңыз! Тауық сорпасы адам ағзасының қабынуына қарсы дәрі - дәрмек десе болады. Сорпа жұтқыншақтағы шырыштың бөлінуін тездетіп, ағзадағы вирустың өмір сүру уақытын азайтады. 3) Алкогольді ішімдіктер мен шылым шегуден аулақ болыңыз. Түрлі ішімдік пен шылым шегу, суық тию кезінде тек зиянды болмаса, пайдасы жоқ. Ауруды асқындырмас үшін бұлардан бас тарта тұрған жөн. 4) Тұзды сумен тамағыңызды шайыңыз. Күнделікті тұтынатын тұзбен суды араластырып тамақты шаю, тамақ ауруы кезінде тиімді тәсіл. Қысқа уақытқа болса да

жеңілдегенін сезінетін боласыз, тамақ шаюды шамаңыз келгенше жиі қайталаған дұрыс. 1 - 2 шай қасық тұзды 250 мл жылы суға салып тұз ерігенше араластырыңыз. Суды ауызыңызға ұрттап тамағыңызда 30 секундтай ұстап тұрыңыз да түкіріңіз. Кем дегенде күніне екі рет қайталаңыз.

5) Тамаққа арналған арнайы сорғыш тәттілер мен спрей пайдаланыңыз. Тамақ қабынуына қарсы жеңіл дәрілер пайдаланыңыз. Құрамында эвкалипт пен камфора бар, тамаққа арналған арнайы сорғыш тәттілер мен спрейлер, мұрын бітелгенде, тұмаудың алғашқы белгілері кезінде көмегі тиеді. Сорғыш тәттілер мен спрейді әр 2 - 3 сағат сайын қолдану қажет.

6) Ауырсынуды басатын препараттар қабылдаңыз. Егер сізде суық тию немесе тұмау болса, денеңізден құрысу байқайсыз. Бұл жағдайда кез келген ауырсынуды басатын, дәрігердің рецептісіз босатылған препарат түрін қабылдаңыз.

7) Көбірек демалыңыз. Адам ағзасы ауру белгілерін жеңіп, тез қалпына келу үшін көп демалу қажет. Егер ыстығыңыз көтеріліп тұрған болса, жұмысқа немесе мектепке бармаған дұрыс. Демалыстың пайдасы – ауру асқынып, қызметтестер мен достарыңызға тұмауды жұқтыру қаупін азайтады.

Күніне 8 сағат ұйықтау керек, суық тию мен тұмаудан ағзаны қорғау үшін қалғып - мүлгудің иммундық жүйеге әсері зор. Ұйықтайтын жеріңіз жылы әрі ыңғайлы, ауа ылғалдығы бір қалыпты болуы керек. Ауа ылғалдығы мұрын бітуі мен жөтелді азайтады. Пайдалы кеңес Тұмаудың алдын алудың ең тиімді жолы – жылына бір рет екпе салғызу. Бір реттік екпе аурумен жылдар бойына күресуге көмектеспейді тек ауру белгілерін жеңілдетеді, жыл сайын жасатып тұру бұл иммундық жүйені күшейтеді. Ескерту! Егер суық тиіп немесе тұмау болып ауырсаңыз жұмысқа бармаңыз – жұмыстағы таныстарыңыздың бәріне жұқтырасыз (бұл этикаға жатпайды); бір - екі күн үйде болсаңыз, тез жазыласыз. Дәрігерден медициналық анықтама беруін сұрасаңыз болды.

№41 «Назерке»бөбекжай балабақшасы

Тақырыбы:

«Ұлттық ойындар ұлт қазынасы»

Музыка жетекшісі:Жоламанова З.М
Тәрбиеші: Қожағалиева Ш.Ө
Садуова А. Б

Ұлттық ойындар ұлт қазынасы

Біртұтас тәрбие бағдарламамасы

Аталар және Әкелер мектебі" жобасы төмендегідей мақсат-міндеттер.

— Отбасылық құндылықтарды сақтау, әкелердің бала тәрбиелеудегі жауапкершілігін арттыру, ата-аналардың жасөспірімдер арасында құқық бұзушылықтың алдын алу шараларын ұйымдастырудағы ролін арттыру;

— Тәрбие процесін ұйымдастыруда және басқаруда мектеп және мектепке дейінгі мекемелерге көмек көрсету;

— Отбасылық тәрбиенің жақсы жақтарын насихаттау;

— Өскелең ұрпақты тәрбиелеуде және білім беру мекемелерінде балалардың қауіпсіздігін сақтау шараларын ұйымдастыру.

Жобаның мақсаты — білім алушылардың отбасылық және әлеуметтік құндылықтары мен құзыреттерін қалыптастыруда отбасы, мектеп, әлеуметтік серіктестердің өзара ынтымақтастығын орнатуға жағдай жасау.

Ойын мақсаты.

1. Білімділік: Ұлттық ойындар дене шынықтыру іс – әрекетінде кең қолдана отырып, балалардың дене тәрбиесін дұрыс жолға қою, спорттық шеберліктерін, мүмкіндіктерін арттыру.

2. Дамытушылық: Қазақ халқының ерлік – жауынгершілік тарихын ұрпаққа ерліктің өшпес үлгісін қалдырған хан батырлардың өмір өнегесімен таныстыру, өз жерін, өз елін қорғай алатын ел жанды, ұлттық намысы мол жігерлі бүлдіршіндерді тәрбиелеу;

3. Тәрбиелік: Жас ұрпақты өздігінен білім деңгейін көтеруге үйретіп өзін – өзі тәрбиелеуге дағдыландыру.

Қажетті құралдар: Арқан,

Тәрбиеші: Құрметті әкелер мен тәрбиешілер! Бүгінгі «Ұлттық ойындар ұлт қазынасы» атты спорттық ойындарына қош келдіңіздер! Топ арасындағы ойынға қатысатың әкелерді ортаға шақырайық.

Қаражорға әуенімен әкелер ортаға шығады.

Тәрбиеші: Міне, әкелер шықты алаңға,

Ал, әкелер өздерінді таныңдар,

Ептілік, мықтылық, батылдық көрсетіп табанды,

Тәрбиешілер: «Ұрпақ ойындар ұлт қазынасы» - атты ойымызды бастаймыз.

Бүгінгі ойынға бес топтың әкелер келіп тұр.

Әкелер, сендерге сәттілік тілей отырып, ойымызды бастаймыз.

Ал, енді ойының шарттарымен таныстырайық...

Ойын шарттары:

1. Мақал-мәтелдер . «сурет бойынша мақалды тап»

2. Асық ату «Бес атар.»

3. Ләңгі тебу

4. Өгіз тартыс

5. Қол күрес

Ұлттық ойын «Өгіз тартыс»

Ойынның шарты: Екі адам еңбектеп, мойындарына арқан салып тартысатын ойын

Ойын: Ұлттық ойын « Қол күрес»

Ойын шарты: Ортаға екі ойыншы шығып, кілемнің үстіне жамбасынан жатады. Олар бас бармақтарын айқастыра қолдарын жымдастырып ұстайды. Ойынның шарты қолының күші көп ойыншы қарсыластың қолын жерге тигізуі керек.

Ләңгі тебу. Ертеде үнемі ат үстінде жүретін ер азаматтар «ләңгі» ойнап, денесін шынықтырған. Ләңгі – тақымның мықтылығын күшейтіп, адамды жылдамдыққа бейімдейтін ойын. Сойылған ешкінің терісіне құйылған қорғасынды бекітіп, ләңгі жасаған. Ләңгі тебудің де өзіндік шарты, ұпай жинау тәсілі бар. Аяғыңды қия бассан, көз жылдамдығынан адасып, ұпайдан қағыласың. Сондықтан қырағы болу маңызды. Ләңгі тебу ойыны бертінге дейін жалғасқанымен, қазір ойнап жүргенді кезіктіру қиын. Десе де заманауи ләңгі жасап, айналымға шығарып жатқан кәсіпкерлер бар.

Тәрбиеші: Құрметті көрермендер, әкелер біздің алға қойған мақсатымыз ата – бабадан қалған өнер мен өнеге, үлгілерінің лайықтыларын баланың сана сезіміне құйып көзіне көрсете отырып, ұлттық ойын арқылы бойына сіңіріп, оларды әдептілікке, мейірімділікке, ізеттілікке, туысқандық пен бауырмалдыққа, үлкенге – құрмет, кішіге – қамқорлыққа баулып адамды қажеттерді ұғындыру, қалыптастыру.

Бір ғажабы ойындар балалардың жан сұлулығында, тән сұлулығында жан - жақты жетілдіруге бағытталған.

Балабақшаның меңгерушісі: Уртамбаева Айгуль Галимеденовна сөз береміз.

Әдіскер; Ахметова Ақтоты Жадырасыновна

Бүгінгі әкелермен ұйымдастырылған «Ұлттық ойындар – ұлт қазынасы» атты спорттық кешімізді қорытындылап, әділ шешімімен топтарының арасындағы сайыста достық жеңді.

Барлық топты марапатталады. Осымен спорттық ойынымыз аяқталды. Көріп тамашалағандарыңызға рахмет!





Мадақтама

Мектепке дейінгі ұйымдарының, балалар арасында ұйымдастырылған «Ұлттық ойын-ұлт қазынасы» атты спорттық эстафеталық жарысына белсене қатысып II орынға ие болған

№1 «Артана»

команда

МАРАПАТТАЛАДЫ!!!

№41 «Назерке» бөбекжай-балабақшасының
меңгерушісі:



А.Г.Уртамбаева




№41 «Назерке» бөбекжай-балабақшасы

«Ата-анаға алғыс»
(фотоколаж)
№1 «Ақбота» ересек тобы


Тәрбиешілері: Кожағалиева Ш.Ө
Сәдуова А.Б

2025 оқу жылы





Аспаз апай, рахмет,
Дәмді асқа тойғыздың,
Көмекші апай, рахмет
Жылап жатсақ, қойғыздың!




Достарыма, рахмет,
Күндей нұрын төгетін.
Тәрбиешілерім, рахмет,
Бізге білім беретін.



1 Наурыз
Марта

Алғыс айту күні
День благодарности



Балабақшам, рахмет!
Маған бәрін үйреткен,
Көңілге күй орнатып,
Ән-жырымен тербеткен



№41 «Назерке» бөбекжай-балабақшасы

«Ана- аса қымбатты жан!»
(мерекелік ертеңгілік)
№1 «Ақбота» ересек тобы

Тәрбиешілері: Кожағалиева Ш.Ө
Сәдуова А.Б

2025 оқу жылы

«Ана –аса қымбатты жан!» мерекелік мертеңгілік

Мақсаты: Ана жайлы тағам сөздер, өлеңдер, әндер арқылы аналарды мерекемен құттықтау, балаларды мейірімділікке тәрбиелеу, ұстазға, ата-анаға деген құрмет сыйынарттыру, ана еңбегін қадірлей білуге үйрету.

Барысы:

Жүргізуші: Біз ғана емес, қадір тұтқан бабалар.
Аналардан туған небір даналар.
Ана деген тіршіліктің тірегі,
Армысыздар, қасиетті аналар!

Жүргізуші: Армысын әжелерім аналарым
Мейірбан аппақ көңіл даналарым
Гүл көктемнің алғашқы мейрамымен
Құттықтайды сіздерді балаларын !

«Әдемі музыка қосылады»

Музыка әуенімен, қолдарына жүрек шар ұстап балалар Рафаэлло шоколадынан шығады. Жүрек шармен билейді би біткен соң балалар шарларын аналарына, әжелеріне тарту етеді, орындарына отырады.

Жүргізуші: Балалар, әлемдегі ең жақсы, ең мейірімді, ең жүрегі жұмсақ кім екен ?

Балалар : Аяулы Анамыз !

Жүргізуші: Балалар, айтыңдаршы
Бізді жақсы көретін,
Бар жақсыны беретін
Баласы үшін әрдайым,
Мейірімін төгетін
Ол кім ?

Балалар: Анашым !

Жүргізуші: Ана деген өмірдегі ең ұлы есім,
Бақ тілесе анадай -ақ тілесін.
Ана деген ардақты ат, сен оны,
Ана жайлы ән тыңдасаң білесің.

- Біздің балалар аналарымызға арнап дайындаған әсем әнін тарту етеді.

Кездесуге асықтым мен сіздермен,
Биленсін би, айтылсын ән бұл залды
Көктеммін мен Мерекемен құттығым келеді
Ақ әжелер, аяулы аналар
Мерекеміз құтты болсын балалар !

Жүргізуші: Балалар , біз Ару Көктемге арнап жаттаған әдемі әнімізді айтып берейік .

Ән : «Көктем»

Көктем : Мен сендерге бір ойын ала келдім. Ойын ойнаймыз ба?

Ойын: «Қыздардың шашын әсемдейміз»
(Алихан, Арлан, Игілік, Ғазиз)

«Гүлдер» биі

Жүргізуші: - Көктем біздің балалардың билері , әндері сізге ұнап жатыр ма?

Көктем : - ия әрине ұнап жатыр ! Балалар жақсы дайындалыпты.

Жүргізуші: Аялаймыз анамызды
Құрметтейміз бағамыз
Сіздер үшін аналар,
Шырқап әнге саламыз .

Ән : «Аяулы Анашым»

**Өлең айтып болғаннан кейін көрініске (Айжұлдыз Найля
Көзайымды киіндіруге жібереміз)**

Көктем : Балалар менің кететін уақытым болды. Мен сендермен қоштаспаймын. Әлі де мен сендермен бірге боламын. Сендер мені далаға шыққанда көретін боласындар. Көріскенше сау болыңыздар .

Музыка ойналып Көктем залдан шығып кетеді .

«Кіп – кішкентай торғай
(Арлан , Ғазиз, Игілік , Ш.Арсен)

Жүргізуші : Қариясы бар үйдің , қазынасы деп бекер айтпаған. Қазыналы әжелерімізді құттықтай отырып, бүгінгі мерекеге әр отбасының ақылшысы да тіректері, немерелерін еркелетіп, ермек ететін әжелер де келіп отыр. Осы немерелеріңіздің өздеріңізге арналған шағын тақпақтарын әндерін қабыл алыңыздар .!

Ән «Анашым – ау »

Жүргізуші: Балаларымыздың аналарына арналған тақпақтарына кезек берейік

Ғазиз : Анамды мен жақсы көремін
Айтқан тілін алып жүремін
Қасымды анам жүргенде
Шаттанып ойнап күлем .

Мадина:Бал Анам, асыл анам , Таңым анам,
Мен сенен қуат алам , жалын да алам
Күн болып көңілімді күйге бөлеп
Арнадың өміріңнің бәрін маған .

Арсен: Анашым анам
Ризамын саған
Тіліңді аламын
Ақылды боламын .

Ильяс : Мен тәртіпті баламын
Айтқан тілін аламын
Мамам жұмысқа кеткенде
Өзім үйде қаламын
Шкафтарды ашпаймын
Кітаптарды шашпаймын
Кубиктермен үй жасап
Қызық ойын бастаймын .

Жүргізуші: :Үйге береке болып келдің
Үйге мереке болып ендің .
Күнім менің қызым дей отыра.

Қыздарымыздың әкелерімен дайындаған вальсін қабыл алыңыздар !

Би : «Әкелермен вальс»

Жүргізуші: - Ой, балалар , тыңдаңдаршы , бізге қонақ келе жатқан сияқты. Қызық! Бұл кім екен?

«Әуенмен залға Көктем аруы кіреді»

Көктем: Сәлеметсіздер ме, қонақтар !
Айнала қандай тамаша ! Балалар бүгін бәрің әдемі киініп алыпсындар ғой. Міне бүгін мен сіздерге асыға жеттім келе жатқан көктем мерекелерін Құтты болсын.

Көктем: Сәлембердім нәзік , сұлу қыздарға ,

Аймерей : Менің Әжем, бұл Әже
Айтқан сөзі дәл Әжем
Аман болса көреді
Қызығымды әлі Әже.

Көрініс « Үш Ана»

Сүйемхан : Ойыннан келген Найля
Қуыршағын іздейді
Столдың астынан таптыда
Хал сұрауды көздейді .

Найля (қызы) Қызым менің қалайсың
Томсырайып қарайсың
Қарның ашып отырмай ,
Тамақ ішсең жарайсың
Егер тамақ ішпесең
Қу сүйек болып қаласың
Отыр кәне қасыма
Тамақтанып аласың (қуыршағын алдына алып отырады)

Сүйемхан : Найляның осы сәт
Анасы үйге кіреді
Тағат таппай қызының
Халін сұрап біледі.

Көзайым (анасы)
Найляжан бүгін сен ,
Тамақ ішіп көрдің бе?
Қызықтап әлде ойынды
Кешке дейін жүрдің бе?
Күнде саған ұмытпай
Тамағынды іш деймін
Тіл алмайсың қырсығып
Осы сені не істеймін ? (отырады)

Сүйемхан : Анасының артынан
Аптығып әже кіреді
Ол дағы өз қызының
Халін сұрап біледі.

Айжулдыз (Әжесі)
Айналайың, Алтыным
Шаршадың ба , жарқыным
Ішпедің -ау тамақ та ,
Жайын ойлап жалпының
Қарашығым , қарағым
Түсіңкі ғой қабағың .
Сөткемен тұрып жұмыста
Болмай қалды ау тамағың (отырады)

Сүйемхан : Аналардың ежіреп ,
Ет бауыры барады .
Әрқайсысы сұқтанып ,
Өз қызына қарады

Барлығы бірге :
Қандай қиын қарандаршы ,
Қырсық мінез бала болу .
Бәрінен де оңай емес ,
Білсеңіздер ана болу !

Ән : Ақ Әжем

Жүргізуші: Бәрі жақсы ананың
Бәрі оның керек -ау
Бірақ әрбір баланың
Өз Мамасы бөлек -ау дей келе балалар аналарына арнап
тақпақтарын тарту етсін .

Нурберген :Жақсы көрем күлкіңді
Айналайын ақ анам
Менің мамам сүйкімді
Бәрінен де жақсы адам .

Томирис :Аялаған Анашым
Мен үшін сен дарасың
Құтты болсын мерекен ,
Құттықтаймын Анашым .

Ирада:Мәпелеп мені өсірген
Ризамын мен өзіңе
Ана деген керемет ,
Сыйлап өтем өмірде .

Тамерлан :Бесіктерін әнімен
Тербетуде Аналар
Жасай берсін сәнімен
Жер бетінде Аналар .

Жүргізуші:Қанебалалар, олайболсаойын ойнайық!

Ойын: «Әли мен Аяны » тамақтандыру

(Ибрахим – Кәусар)
(Арсен Ш - Диляра)

Жүргізуші:Мерекегеарналадыбүгінбилер ,

Көтерілсін канекей, көңіл күйлер

Алдарыңызға қазір ұлдар биі.

Қолсоғып демеу берер көрермендерім – ханзадаларымыздың биін тамашалайық .

« Ұлдар биі » Аспазшылар

(Нурберген Ильяс Тамерлан Арсен Алдаберген)

Жүргізуші: Ойын : « Кім жылдам Анасын табады? »

Жүргізуші: Ана бірге жүрсе, - сәби бақытты!

Сәби бірге күлсе – ана бақытты !

Қымбатты абзал жанды аналар балаларымыздың сіздерге тағы да дайындаған сыйлығын қабыл алыңыздар .

«Конфетки» балақайлар биі .

Жүргізуші : Қымбатты аяулы Аналар мен Әжелер !

Мерекелеріңіз құтты болсын : Әлемдегі ең сұлу, ең мейірімді ең қамқор адам осы отырған сіздерсіздер . Дендеріңіз сау , көңілдеріңіз шат болсын, әрқашан аман болайық .!

« Көңілді Караоке» Аналармен бір ән .



Confetteria
Raffaello







№41 «Назерке» бөбекжай- балабақшасы

«Наурыз келді, жыл келді»

№1 «Ақбота» ересек тобы (ертенгілік)

**Тәрбиешілері: Кожаяғалиева Ш.Ө
Сәдуова А.Б**

2025 оқу жылы

Тақырыбы: «Наурыз келді, көктем келді»

Мақсаты: Наурыз мейрамы туралы түсінік беру. Балалардың ойлау, қабылдау, зейін қабілеттерін дамыту. Елге деген сүйіспеншілікпен қатар, салт –дәстүрді құрметтеуге тәрбиелеу.

Ертенгіліктің ашылуы:

(ортада қазақы накышта әзірленген стол тұрады, стол басында Ата мен Әже шай ішіп отырады)

Ақ әже:Бүгін Наурыз мерекесі, немерелер қонаққа келеді. Ерте тұрып, қазанымызды асып немерелер келгенше дайындалайық. Ас қайтарып тұрайық.(бірі қазан асып, бірі отын жарады)

(Осы кезде екі топқа бөлініп, балалар залға кіреді).

Әже: Әжесі мен Атасының құлындары шаңырағымызға қош келдіңдер! Амансыңдар ма?! Наурыз мерекелерін құтты болсын! Ұлыс бақты болсын, әр күндерің жақсы болсын! Наурыз мерекесінде адамдар бір –бірімен құшақтасып, жақсы тілектер айтады. (барлығы бір-бірімен құшақтасып көріседі). Балаларым, өсіп қалыпсыңдар, қандай әдемі болып тұрсыңдар, киімдерінде қандай керемет!

1-ші жүргізуші: Жана Жылымыз құтты болсын! Ата-әже біз сіздерге қонаққа келдік. Біздің балалар сіздерге бос келмей мерекеге өнерлерін де ала келді. Балалар, мен сендерге өнер көрсетпес бұрын сұрақ қойғым келіп тұр.

-Ал, балалар, бірінші мен сендерге сұрақ қояйын?

-Балалар, қазір қандай жыл мезгілі? (көктем мезгілі)

- Наурыз, мерекесін қай мезгілде тойлаймыз? (көктем мезгілінде)

Жер әлемді жайнатып,

Әнші құстар сайратып

Наурыз тойын тойлатып,

Ұлыстың ұлы күні келді ағайын!

Той құтты болсын! Ақ мол болсын!

2-ші жүргізуші:Ал, балалар, тұрайық,

Әндетейік шырқайық!

Ортамызды ашайық,

Думандатып, би- билеп

Ән мен күйді төгілтіп

Інжу-маржан шашайық!

-Жарайсыңдар! Олай болса «Наурыз, Көктем!» әнін орындап берейік

Хор: «Наурыз, Көктем!»

Ата: Бәрекелді, жарайсыңдар, балаларым!

Әже: Әндерің қандай керемет! Жарайсындар құлындарым! Ұлыстың ұлы күнінде сендер көптеген салт-дәстүрдің түрлері көрсетіледі. Сол дәстүрдің бірі «Тұсау кесерді» көрсетейін.

Салт-дәстүр: «Тұсау кесер»

2-ші жүргізуші: Ал, балалар, Наурыз мерекесіне кім жаттау айтады.

Илдияс: Наурыз келсе, құт келгені

Халайық!

Есік ашып, шашу шашып,

Ел болып, қарсы алайық!

Ғазиз: Досқа құшақ ашайық,

Өлең жырға басайық!

Қазақтың бір салты деп-

Тойға шашу шашайық!

Би: «Домбыра» (Айжұлдыз, Көзайым, Мадина, Кәусар, Томирис, Диляра, Азима)

Әже: Қыздарым, билерің қандай керемет! Мен сендер келеді деп «Наурыз көже» жасап қойдым. Мен сендерге жасалу жолын айтып берейін. (көженің жасалу жолын түсіндіреді).

1-ші жүргізуші: Рақмет Әже! Балалар «Наурыз көженің» қалай жасалатынын білдік (қайталату)

Ойын: «Аламан бәйге»

(Игілік, Тамерлан, Арлан-Ғазиз, Арсен Ш.)

Сүйемхан: Ақ кимешек киген,

Ақ бетімнен сүйген.

Әже менің қандай?

Әжем менің айдай!

Бақшаға да барады,

Шықсам тосып алады.

Әжем менің қандай?

Әжем менің айдай!

Хор: «Әжетайым»

1-ші жүргізуші: Түрін-ай текеметтің! Асыл қандай!

Үнілдім үнсіз ғана басымды алмай,

«Келе ғой, қошақаным өзіме!» -деп

Әжем кеп сипағандай шашымнан жай.

Ойын: «Текемет басу»(Айжұлдыз, Көзайым, Диляра)

Арсен Ш: Елім менен жеріме,

Ырысын шашқан Наурыз!

Күлімдеген көктемге

Шуағын шашқан Наурыз!

Томирис: Наурыз келді, еліме,

Наурыз келді жеріме,

Байлық, бақыт тілеймін

Бүкіл казак еліне.

Ән: «Айым болып тудың ба?» (жетіген тарту) (Найля, Мадина, Бағназ, Айша, Сүйемхан, Аймерей)

Би: «Қамшы» (ұлдар, Найля)

Жүргізуші: Балалар, енді сендердің ата-аналарыңмен де ойын ойнасақ

Ойын: «Тақия» (ата-аналармен ойын) *сұрақ - алауан*

1-ші жүргізуші: Өнер қуған жасынан

Өнері судай тасыған,

Келесі біздің бишілер

Көрінген көштің басынан-дей келе,

қыздарымыздың «Текемет» биін қарсы алыңыздар.

Би: «Текемет» (барлық қыздар)

2-ші жүргізуші: Төсінен жұлдыз ағып, жымып берген,

Мөл-мөлдір, көк аспанын тынық көрген

Күн мен түн- қос палуан алып дене

Бір-бірін, алма-кезек жығып келген- демекші кішкентай

палуандарымызың ойынын тамашалаймыз.

Ойын: «Қой көтеру» (Илияс, Ибраһим, Арсен А.) *Арман*

2-ші жүргізуші: Қазактың оюлары-ай, оюлары!

Даладай бояулары қою бәрі!- демекші «Ою-өрнек» ойыны

Ойын: «Ою-өрнек» (Аймерей, Кәусар, Бағназ, Азима) *Ән, Наурыз*

Ата: Ал, балалар сендер ата-әжелеріңе мерекеде келіп, өнерлеріңді көрсетіп қуантып жатырсыңдар. «Баталы ел арымас, батасыз ел жарымас» дегендей сендерге батамды берейін. Орындарыңнан тұрып қолдарыңды жайыңдар!

Қанекей бата берейін!

Ел, жұртымыз аман болсын!

Тыныш, бейбіт заман болсын!

Жақсылыққа бастайтын,

Мейірімді адам болсын!

Жаңа Жыл бақыт жылы болсын!

Малың тоқ, уайым-қайғы жоқ болсын!

Ұлыс оң болсын!

Ақ мол болсын!

Қайда барсаң жол болсын! Аумин!

Жүргізуші: Ал, құрметті қонақтар ата-әжемізге ауылға келген ертеңгілігіміз аяқталды. Ата-әжемізге үлкен алғыс бізді қонақ етіп күтті, ұлттық салт-дәстүрімізді көрсетті. Осымен «Наурыз келді, көктем келді» ертеңгілігіміз аяқталды.



«12-сәуір ғарышкерлер күні»

№1 «Ақбота» ересек тобы

Тәрбиеші: Кожағалиева Ш.Ө

2024-2025 оқу жылы

Тақырыбы: «Ғарыш»

Білім беру салалары: қатынас, таным, шығармашылық.

Бөлімдері: Сөйлеуді дамыту, Көркем әдебиет, қарапайым математика, жапсыру.

Мақсаты: Балаларға ғарыш, ғарыштық ұшулар, ғарышкерлер дайындау орталығы туралы түсінік беру. Қазақстанның тұңғыш рет айға ұшқан Токтар Әубәкіровтың ерлігі мен еңбегін ұштастыра отырып балаларға Отанымызғы қорғай білуге сүйіспеншілігін арттыру. Топпен жұмыс жасауға бір-бірін сыйлауға тәрбиелеу

Әдіс-тәсілдер: сұрақ-жауап, түсіндіру, баяндау.

Қажетті көрнекі құралдар: слайдтар, тапсырмалар, аудио дыбыс.

Балалар, таңертең көзімізді ашып ояғанда терезеге қарасақ, ең алдымен біз нені көреміз?

- Дұрыс, күнді көреміз.
- Күн бізге не береді?
- Олай болса бір-біріміздің қолымыздан ұстап бүгін бізге келген қонақ-апайлармызға жылы лебізімізді білдірейік.

Шаттық шеңбері:

Күннің көзі ашылып,
Көкке шуақ шашылып.
Тәрімізге еніпті,
Амандасу үлкенге.
Тәрбиенің басы ғой!
Ал, қанекей, бәріміз,
Сәлем дейік үлкенге.

Балалар бүгін сендермен топ болып жұмыс жасаймыз. Кәне Ай, күн, жұлдыз болып бөлініп отырайық тамаша.

-Балалар, айтындаршы қазір жылдың қай мезгілі?

-Осы көктем мезгілінің 12-сәуірі ғарышкерлер күні деп аталады.

-Мынау аспан әлемі. Аспан әлемінде көптеген жұлдыздар, шоқ жұлдыздар бар.

Аспан әлемінде 9 ғалам бар. Сол ғаламның үшіншісі Жер деп аталады. Ал біздер сол Жер ғаламында өмір сүреміз.

-Қайда тұрады екенбіз?

-Жерде басқа ғаламшарда жоқ нәрселер бар екен: су топырақ, ауа.

-Нелер бар екен?

-Сондықтан мұнда адамдар жан-жануарлар тіршілік етеді. Адамдар басқа ғаламшарда өмір сүруге болама екен деп тексеріп көргісі келді. Ол үшін басқа ғаламшарларға ұшып бару керек екен.

-Балалар сендер қандай әуе көліктерін білесіңдер?

-Иә, ғарышкер ағаларымыз ғарышқа зымыранмен ұшады екен. Оны ғарыш кемесі деп те атаймыз. Олар ғарышқа ұшып барып, аспан әлемін зерттейді. Біз бүгін ғарышкер ағалармен, аспан әлемімен танысамыз. Қазақстанның тұңғыш ғарышкері Тоқтар Әубәкіров.

Мына суреттегі ең алғаш ғарышқа ұшқан адам, ол Юрий Гагарин деген кісі. Ғарышқа қазақ ғарышкерлері де ұшқан. Мына суретте өзіміздің қазақ ғарышкері Талғат Мұсабаев деген ағаларымыз.

Бұл кісілер біздің еліміздің мақтаныштары. Олар ержүрек, батыр, халық қаһармандары.

Осы кісілер сияқты батыл, ержүрек болу үшін, білімді, тәртіпті үлкен азамат болуымыз керек.

Тосын сәт: Аудио

«Сәлеметсіңдер ме балалар, мен сендерге ғарыш әлемінен хабарласып тұрмын. Сендер мені көрмейсіңдер ал мен сендерді көріп, бақылап жүремін. 12 сәуір ғарышкерлер мерекесіне орай сендерге тапсырмам бар, орындағыларың келе ме? Егер тапсырманы жақсы орындасандар, тәрбиеші апайларың сендерге сыйлық береді».

Қандай тамаша, тапсырма орындайық па балалар?

Жарайсыңдар.

1-тапсырма.

1ші топ жабыстырады

2 ші топ құрастырады.

3ші топ Суреттегі көп нүктені сызықпен қосып, бояу.

Сергіту сәті:

Аспан, аспан арайлым

Саған жиі қараймын

Сені көзбен шоламын

Мен ғарышкер боламын

2-тапсырма.

Дидактикалық ойын: Не қайда болады?

Аспанда не болады ай күн жұлдыз ракета ұшак
Жерде не болады машина доп үй жихаздар

3-тапсырма такпақ жаттау.

Мнемокесте арқылы.

Көкке самғап ұшамын
Ұшқыш болар баламын
Соңынан ерем ағаның
Ер ғарышкер ағаның.

Қорытынды.

Жарайсыңдар, балалар!

Сұрақ-жауап арқылы оқу іс-әрекетін пысықтау.

-Балалар бүгінгі күн қалай аталады?

-Ғарышкер дегенді қалай түсінеміз?

-Біздер қандай ғаламда тұрамыз?

Балаларды мақтау мадақтау.

Күтілетін нәтиже:

Нені білді: Аспан әлемін телескоппен зерттейді, ғарышқа ұшатын адамды - ғарышкерлер деп атайтынын;

Нені игереді: Ойындар арқылы аспан әлемін орналастыруды;

Нені меңгереді: Ғарыш әлеміне арнайы ғарыш кемесімен ұшатынын, ғарыш әлеміне тұңғыш ұшқан ғарышкер Юрий Гагарин, Қазақстанның тұңғыш ғарышкерлері Тоқтар Әубәкіров, Талғат Мұсабаев және Айдын Айымбетов туралы мәліметтерді.



№41 «Назерке» бөбекжай-балабақшасы

«1-мамыр бірлік күні»

№1 «Ақбота» ересек тобы

Тәрбиеші: Кожағалиева Ш.Ө

2025 оқу жылы

«Достығымыз жарасқан»

Мерекелік ертеңгілік

Мақсаты: 1-Мамыр Қазақстан халықтарының бірлігі күні екенін балаларға айтып ұғындыру. Балаларды татулыққа, достыққа, елін, жерін сүйе білуге үйрету. Басқа ұлт өкілдерімен таныстырып олармен тату, достық қарым-қатынаста болуға тәрбиелеу.

Көрнекілігі: Әсем безендірілген зал, мерекелік шарлар, ұлттық киімдер мен жалаушалар.

Жүргізуші: Қайырлы күн құрметті қонақтар, құрметті ұстаздар!
Қазақстан Республикасының мекендеген ұлттармен ұлыстар достығы және бірлігіне арналған «Достығымыз жарасқан» тақырыбындағы мерекелік ертеңгілігімізге қош келдіңіздер!

Қазақ халқы - халқы жомарт, даласы дархан, орманы қарқан, таулары қалқан, болған ақ бесік ата мекені бар, сол мекенде жусанның жұпар иісін иіскеген, өздігінен ешкімге тиіспеген елміз.

Тілі бөлек болғанменен тілегі бір,
Ұлы достық мәпелеген жүрегі гүл.
Қазақстан барлық ұлтқа шаңырақ,
Шайқалмастан шаттығымыз тіреп тұр.

Ұлтаралық татулық арқасында бүгінде ел тыныш, жұрт аман. Осы берекеміз бұзылмағай. Қазақстанда тұратын барша ұлт арасындағы айнымас достығымыз мәңгілік болғай- дей отыра ортамызға

Қазақ халқының өкілдерін қошеметпен шақырайық.

-Бейбітшілік жасасын, ынтымақтастық жасасын! -Ура- ура- ура!

Келесі кезекте Орыс халқының өкілдерін қошеметпен ортаға шақырайық.

-Қазақстан халықтарының бірлігі жасасын! -Ура-ура-ура!

Ендігі кезекте өзбек ұлтының өкілдерін қошеметтеп ортаға шақырамыз.

-Ынтымағы жарасқан Қазақ елі жасасын! -Ура-ура-ура!

Келесі кезекте грузин ұлтының өкілдерін қошеметтеп ортаға шақырамыз.

1-Мамыр ынтымақ, бірлік күні жасасын! Ура-ура-ура!

Ендігі кезекті ұлттар достығы жайлы ертеңгілігімізді ашып беру үшін балабақшамыздың меңгерушісі: Мөлдір Балғабайқызына сөз береміз.

Хор «Дос болайық бәріміз»

Шұғыла. Жан біткендей жас тауға,

Шуақ ойнап арайлы.

Күн күлімдеп аспанда,

Мамыр әні тарайды.

Азамат: Қазақ елі қашаннанда жыр елі,

Тарихында тұлғалар көп киелі.

Қазақстан аясында бұрыннан,

Бірнеше ұлт өмір сүріп келеді.

Жұбаныш: Жайдары жаз түрге еніп,

- Жадыратты жанымды.
Жер дүние тербеліп,
Дала, қала құлпырды.
- Інжу: Ортақ жұтар ауамыз,
Ортақ жарық күніміз.
Достық туған анамыз,
Жердің қызы, ұлымыз.
- Кәусар: Мамырдың бірі, достықтың күні,
Ән салып, билеген халықтың үні.
Тұтасып, тойлаған ұлттар,
Керемет мереке мамырдың бірі.
- Дамир: Қырғыз, қазақ, өзбектер,
Монгол, ұйғыр, дүнгендер,
Армиян, тәжік, грузин,
Орыс пенен украин,
Терезесі тең жатыр.
- Мирас: Бір шаңырақ астында
Тату тәтті тұрамыз.
Бірге ішеміз асты да,
Бірге сайран құрамыз.
- Хор: «Бақытты баламыз»**
- Би: «Грузин биі» Шұғыла Азамат**
- Назым: Күте тұғын асыға әр күнін біз,
Арналатын ең тәтті ән- жырымыз.
Мерекелі мерейлі айдың басы,
Құтты болсын бірінші мамырымыз!
- Сезім: Болсын жермен су да ортақ,
Болсын біздің ту да ортақ.
Ақпыз, кара, сарымыз,
Ағайынбыз бәріміз.
- Ұлан: Енді бүгін қарасам,
Айналам бақыт кең жатыр,
Бірімен- бірі туысқан,
Қол ұстасқан ел жатыр.
- Мейіржан: Сары, ақпыз, қарамыз,
Бәрімізде баламыз.
Бір отанда тұрамыз,
Біз мектепке барамыз
- Жұлдыз: Достығымыз жарасқан,
Ақпыз, қара, сарымыз.
Қара жер мен көк аспан,
Ортақ дала, тауымыз.
- Жанель: Бір-бірімен тату тәтті тұрады,
Бәрінің де Қазақстан тұрағы.
Туған жерге тебіренген сәттерде,

Ағылады өлең жырдың бұлағы.

Дінмұхаммед: Достар тату-тәттіміз,
Болса қолда тәттіміз.
Біз бөлісіп жатамыз,
Бәріміз дәм татамыз.

Хор: «Достық жыры»

Би: «Өзбек биі» Инжу Жұбаиыш

Жаннұр: Ынтымағы жарасқан береке күн,
Арналатын ең тәтті ән- жырымыз.
Татулық, достығың арта берсін,
Құтты болсын бүгінгі мереке күн.

Жасұлан: Достықты үлгі санаған,
Бір үйде біз тұрамыз.
Қалған ата-бабадан,
Бірлік асыл мұрамыз.

Нұрхан: Ортақ болып ісіміз,
Еңбек десе тынбаймыз.
Үлкен сыйлап кішіміз,
Аға ақылын тыңдаймыз.

Әбу: Достық- шырағымыз,
Достық-ұранымыз,
Достық-туымыз,
Достық әніміз.

Айзере: Дос болып түрлі халықтар,
Жасайтуғын ғасырмын.
Бақытшымын әлемге
Ұмытылмас асылсын.

Нұрзат: Бейбітшілік ұраны,
Жарқыраған алтын күн.
Ән қанатты қыраны,
Еркіндігі халқымның.

Хор: «Достық»

Би: «Орыс биі»

Балхадиша: Достықты үлгі санаған,
Бір үйде біз тұрамыз.
Қалған ата бабадан,
Бірлік асыл мұрамыз.

Ақмырза Біз балдырған тең басқан,
Дос құшағын кеңге ашқан.
Тілегіміз әділдік,
Ашық болсын кең аспан.

Бекжан Әрқашан дос біргеміз,
Ажырамас іргеміз,
Ілгері жүріндер,

Би: «Қаражорға» Назым Мирас

Жүргізуші: Ағайын, туған бар адам,
Адалдық үшін жаралған.
Бар қымбат туыстық,
Баянды болсын тыныштық!

Хор: «Әрқашан күн сөнбесін!»

1-Мамыр мерекесі дүние жүзіндегі халықтардың достығы мен бірлігін атау күні. Біздің мемлекет бейбітшілікті жақтаушы, достықты жырлаушы, тыныштықты сақтаушы ел. Елімізде әр түрлі ұлттар тату-тәтті өмір сүруде. «Бірлігі жоқ ел тозады, бірлігі күшті ел озады» -деген халық мақалы біздің елге айтылғандай.

Осымен «Балдырған» ортаңғы тобының «Достығымыз жарасқан» тақырыбындағы мерекелік ертеңгілігіміз аяқталды. Көріп тамашалағандарыңызға көп рахмет.



№41 «Назерке» бөбекжай-балабақшасы

«Болашағы мықты Жас Ұлан»

№1 «Ақбота» ересек тобы

Тәрбиеші: Сәдуова А.Б

2025 оқу жылы

Сценарий: "Батырлар күні"

(Ортаңғы топ балаларына арналған мерекелік іс-шара)

Безендіру:

Зал мерекеге сай безендіріледі: Қазақстан туы, шарлар, гүлдер, батырлар мен сарбаздар бейнесі. Әскери марш ойнап тұрады.

1 бөлім: Кіріспе

Жүргізуші:

– Армысыздар, құрметті ата-аналар, қонақтар және кішкентай батырлар!
Бүгін біз ерекше мереке – 7 мамыр – Отан қорғаушылар күнін атап өтеміз!
Бұл күн – батыр ағаларымызға, әкелерімізге, аталарымызға арналған мереке.
Олар біздің тыныштық пен бейбіт өмірімізді қорғайды.

Жүргізуші:

– Балалар, сендер Отан туралы не білесіндер? Отан дегеніміз не?
(Балалардың жауаптарын тындау: "туған жер", "үй", "қазақ елі" деген сияқты.)

Жүргізуші:

– Дұрыс! Отан – біздің туған жеріміз, отбасымыз, еліміз! Оны қорғау – әрбір азаматтың парызы.

2 бөлім: Ән

Ән:

Балалар орындайды: "Отан" немесе "Әрқашан күн сөнбесін".

(Ән аяқталған соң қол шапалақтау.)

3 бөлім: Тақпақтар

Жүргізуші:

– Ал қазір біздің кішкентай батырларымыз өздерінің Отанға деген сүйіспеншілігін тақпақ арқылы жеткізеді.

Балалар кезекпен тақпақ оқиды:

1-бала:

Отан үшін ерлерге,
Бас иеміз бәріміз.
Бейбіт өмір сыйлаған,
Батырларға мәңгілік!

2-бала:

Әскер деген – мықты күш,
Қорғайды ол Отанды.
Біз де ер жетеміз бір күн,
Қорғаймыз туған даланы.

3-бала:

Көк туым желбіреді,
Бақыттың белгісі.
Отанымды сүйемін,
Жүрегімнің төрі осы!

4 бөлім: Шағын көрініс ("Батыр болғым келеді")

(2 бала сахнаға шығады. Біреуі әскер киімінде, бірі қарапайым киімде.)

1-бала:

– Мен өскенде кім боламын?
– Әскер болып ел қорғаймын!

2-бала:

– Әскер болу оңай ма?
– Әрине оңай емес! Батыл болу керек, күшті болу керек!

1-бала:

– Мен де батыр боламын! Отанымды қорғаймын!
(Бір-біріне қол алысып амандасады.)

(Барлық балалар сахнаға шығып, "Батырлар біз үшін!" деп ұран тастайды.)

5 бөлім: Ойындар

Жүргізуші:

– Ал енді балалар, батырлар сияқты күшімізді, шапшаңдығымызды ойын арқылы көрсетейік!

1 ойын: "Батырлар жарысы"

(Эстафета: белгіленген жерге дейін жүгіріп бару, кедергіден өту, ту алып қайту.)

2 ойын: "Кім батыл?"

(Әр балаға кішігірім тапсырма беріледі: кедергіден өту, баскетбол допты шелекке салу, т.б.)

6 бөлім: Би

Би:

"Кішкентай сарбаздар би"

(Балалар сап түзеп, маршпен жүріп, патриоттық әуенге би билейді.)

7 бөлім: Қорытынды

Жүргізуші:

– Бүгін біз қандай тамаша батыр екенімізді көрсеттік!

Әрқашан өз Отанымызды сүйіп, қорғауға дайын болайық!

Әкелерімізге, ағаларымызға, аталарымызға үлкен алғыс айтамыз!

Балалар бірге:

– Мерекемен құттықтаймыз!

Марапаттау:

Барлық балаларға "Батыр бала" медальдары, мадақтама қағаздары тапсырылады.

Қорытынды ән:

"Көк тудың желбірегені" (немесе кез келген патриоттық ән)